

ЖАҢА ЖЫЛ ҚҰТТЫ БОЛСЫН!



Жалағаш жаршысы



Аудандық қоғамдық-саяси газет

Газет 1934 жылдың 10 қаңтарынан бастап шығады

Салтанатты шара

Жыл қорытындысы: аймақтың даму қарқыны сараланды

2025 жыл да түгесілуге жақын, жалпы жылан жылында аймақта қаншама шаруа атқарылды. Бір жылда жүзеге асқан жобалардың ел игілігін көріп отыр. Бұрын аймақта аудан орталығындағы ағайынға газ тұтыну арман болса, соңғы 3-4 жылда қаншама ауылдың жұрты «көгілдір отынның» игілігін көріп отыр. Құрылыс саласында да қарқын бар, биылдың өзінде қаншама әлеуметтік нысан бой көтерді, көбісі ел игілігіне берілді. Әлі де қолға алынып жатқан жобалар жетерлік. Бастысы, аймақ жұрты ауызбіршілікпен қыруар іс тындырды. Енді бұл жылды да қорытындылайтын шаққа жеттік.

Апта басында Қызылорда қаласындағы «Өнер» орталығында облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаевтың қатысуымен 2025 жылды қорытындылауға және Жаңа 2026 жылды қарсы алуға арналған мерекелік іс-шара өтті. Оған Парламент Сенатының депутаты Наурызбай Байқадамов, Руслан Рүстөмов, құқық қорғау органдарының бірінші басшылары, Қызылорда қаласы мен аудан әкімдері, облыстық, қалалық және аудандық мәслихат төрағалары, зиялы қауым өкілдері қатысты.

Аймақ басшысы ескі мен жаңа жылдың тоғысында өткенге ой жүгіртіп, жаңа жоспар құрып, келешектің бағытын айқындаудың маңызын айтып, жиналған жұртты мерекемен құттықтады. Жыл бойы өңірде жүзеге асқан жобаларға, қолға алынған бастамаларға, жарқын жетістіктерге тоқталды.

— 2025 еліміз, өңіріміз үшін тарихи-саяси маңызды оқиғаларға толы, табысты жыл болды. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы облысымызға арнайы жұмыс сапарымен келгенде әлеуметтік нысандар мен өндіріс орындарында болып, өңіріміздің әлеуметтік-экономикалық дамуы бағытында атқарылған істерімізге оң бағасын берді. Астана мен



Алматы қалаларындағыдай тәулік бойы жұмыс жасайтын үшінші Президенттік кітапхананың Қызылордада салынатынын айтты. Бұл бастаманы барша Сыр жұрты зор қуанышпен қабылдады. Президентіміздің, Үкіметтің ерекше қолдауымен аймағымызда жаңа жобалар сәтті жүзеге асуда. Негізгі макроэкономикалық көрсеткіштер бойынша республикада алғашқы орындамыз. Бірер күннен соң жақсылықпен, жақсы үмітпен халқымыздың жеті қазынасының бірі саналатын Жылқы жылын қарсы аламыз. Жаңа жылда игі істеріміз жалғасын тауып, кең байтақ елімізге молшылықпен тоқшылығын, қасиетті жерімізге бақ-берекесін алып келсін! Жаңа 2026 аймағымызды толайым табыстардың төріне шығаратын жыл болғай, — деді облыс әкімі.

Тарих қойнауына қарай қадам басқан жыл Сыр өңірі үшін жеңіс пен жетістіктердің және ауқымды жоспарларды жүзеге асырған еңбек адамдарының жылы болды. «Жұмысшы мамандықтары жылында» түрлі салада тер төккен еңбеккерлер жоғары мемлекеттік наградалармен марапатталды. Атап айтқанда, «Парасат», «Құрмет», III дәрежелі «Еңбек даңқы» ордендері, «Ерен еңбегі

үшін» медалі, Премьер-министрдің алғыс хаты, Қызылорда облысының «Құрмет» грамотасы табысталды.

Елімізде 2012 жылдан бері «Үздік педагог» республикалық байқауы өткізіліп келеді. Осы уақыт ішінде Қызылорда облысынан 41 мұғалім жеңімпаз атанды. 2025 жылы облыстан 4 педагог республикалық, 6 ұстаз облыстық кезеңде үздік деп танылды. Қорытынды іс-шарада оқушылары олимпиадалар мен ғылыми жоба байқауларында жоғары нәтиже көрсеткен шығармашыл мұғалімдерге облыс әкімінің қолдауымен бір реттік сыйақы беріліп, «Үздік педагог» байқауының жеңімпаздары марапатталды.

Сонымен қатар жыл бойы өз саласында жоғары нәтижеге қол жеткізген әр саланың үздіктеріне арнайы номинациялар табысталды. Мерекелік іс-шарада Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Айгерім Алтынбек Ш.Гүноның «Ромео мен Джульетта» операсынан Джульеттаның вальсін, «Бақыт вальсін», И.Штраустың «Вена орманының ертегілері» шығармасын орындады.

Елімізде жылқы жылы көптеген оң өзгерістер мен даму кезеңдеріне сәйкес келген. 1990 жылы Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесі 25 қазанда Қазақстанның мемле-

кеттік егемендігі үшін Декларация қабылданды. Бұл — тәуелсіздікке жол ашқан маңызды қадам болды. Егемендік декларациясы елдің саяси-құқықтық негізін қалап, бір жылдан кейін толық тәуелсіздікке әкелді.

2002 жылы Астанада «Бәйтерек» монументі салынды. Ол — елорданың символына айналған ескерткіш. Бұл жыл елдің экономикалық өсуі, астананың дамуымен ерекшеленді.

Сондай-ақ шекара делимитациясы (дипломатиялық оқиғалар да осы кезеңде орын алған. 2014 жылы Қазақстанның экономикасы тұрақты өсті, халықаралық беделі артты. Еуразиялық экономикалық одаққа кіру процесі жалғасты, әлемдік саммиттер өтті. Дағдарыс болмады, керісінше, даму жылдарының бірі ретінде есте қалды.

Жалпы жылқы жылы аймағымызда да тарихи маңызды оқиғалар көп болды. Қазір оның барлығы тарқатып жазсақ, бір еңбекке жүк болары анық. Аймақтың даму қарқыны бүгінде жоғары. Жылқы жылында да Сыр өліңде жарқын жобалар жүзеге асады деген сенімдеміз.

Ерлан СОЗАҚБАЕВ

Жыл үздіктері марапатталды

Аудан әкімі Ардақ Ибраимовтың қатысуымен Қ.Қазантаев атындағы мәдениет үйінде жыл қорытындысына арналған салтанатты жиын өтті. Салтанатты шарада аудан әкімі жыл көлемінде атқарылған ілкімді істерге тоқталып, аудан халқын келе жатқан жаңа 2026 жылмен құттықтады.

— Сіздерді келе жатқан жаңа жыл мерекесімен шын жүректен құттықтаймын! Өтіп бара жатқан жыл өңіріміз, соның ішінде Жалағаш ауданы үшін мазмұнды істер мен нақты нәтижелерге толы болды. Мемлекет басшысының Сыр өліне сапары өңірдің жаңғыруына жаңа серпін беріп, даму бағытымыздың дұрыс екенін тағы да айқындады. Аймақ басшысының қолдауы мен бірлескен еңбектің нәтижесінде Жалағаш ауданында бірқатар ауқымды жоба іске асырылды. Аудан дамуына қосқан өлшеусіз үлестеріңіз үшін баршаныңа шынайы ризашылығымды білдіремін. Алда тұрған жаңа жыл жаңа мүмкіндіктер мен тың бастамалар жылы болмақ. Біз алдағы уақытта да халықтың әл-ауқатын арттыру, экономиканы нығайту және әлеуметтік тұрақтылықты қамтамасыз ету жолында жүйелі жұмыстарды жалғастыра береміз. Осы орайда баршаныңа зор денсаулық, отбасыларыңызға амандық, еңбектеріңізге табыс тілеймін. Бірлігіміз бекем, тірлігіміз берекелі болсын! Жаңа жыл ауданымыз үшін табысты, еліміз үшін берекелі жыл болғай! Жаңа жыл құтты болсын! — деді аудан әкімі.



Салтанатты шарада аудан әкімі бірқатар азаматты облыс және аудан әкімінің алғыс хаттарымен, сондай-ақ түрлі номинациялар бойынша жыл үздіктерін марапаттады. Тарқатып айтсақ, Қызылорда облысының «Құрмет» грамотасымен Маржан Қанбаева, Салтанат Қосжанова, «Мемлекеттік қызметтің дамуына қосқан үлесі үшін» төсбелгісімен Жалағаш аудандық құрылыс, сәулет және қала құрылысы бөлімінің сектор меңгерушісі Нұрлан Байымбет, «Ана тілін дамытуға қосқан үлесі үшін» төсбелгісімен Жалағаш аудандық мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің басшысы Бибісәия Дүйсенбиева марапатталды.

Сонымен қатар «Жыл ұстазы — 2025» номинациясымен Манат Маханбетова, «Жыл дәрігері — 2025» номинациясымен Фариза Сасықбаева, «Мәдениет және өнер саласының үздігі — 2025» номинациясымен Майра Құттыбаева, «Үздік ауылдық округ — 2025» номинациясымен Мақпалкел ауылдық округі әкімі Бауыржан Тұғышбаев, «Үздік бөлім — 2025» номинациясымен Жалағаш ауданы бойынша білім бөлімінің басшысы Талғат Садықов, «Үздік полиция қызметкері — 2025» номинациясымен Жарқынбек Әлиев, «Жыл құтқарушысы — 2025» номинациясымен Бағлан Тәкбай, «Жыл көсіпкері — 2025» номинациясымен Сәуле Баймағанбетова, «Жыл меценаты — 2025»

номинациясымен Мейрамбек Бақтыбаев, «Тазалық сақшысы—2025» номинациясымен Манат Терекбаева марапатталды. Ал «Үздік коммуналдық сала маманы — 2025» номинациясына Талғат Алимов, «Жыл спортшысы — 2025» номинациясына Айым Мұнайтас, «Үздік әлеуметтік сала қызметкері — 2025» номинациясына Айгүл Әуезова, «Жылдың қоғамдық қызметкері — 2025» номинациясына Ғазиза Кенжебаева лайық деп танылды. Сонымен қатар «Еңбек адамы — 2025» номинациясымен Ғабит Мұзапаров, «Жыл қаржыгері — 2025» номинациясымен Дастан Бахтияров, «Жылдың үздік статистика саласының маманы — 2025» номинациясымен Жадыра Төуекелова, «Үздік мемлекеттік қызметші — 2025» номинациясымен Нұрлан Қостанбаев, «Таса Қазақстан республикалық экологиялық акциясының белсенді қатысушысы — 2025» номинациясымен Жалағаш ауданының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімінің басшысы Қанат Бөлембаев марапатталды. Мұнан бөлек «Заң мен тәртіп» қағидаттарын ілгерілетуші — 2025» номинациясы Жомы Айбосынова, «Жылдың үздік БАҚ қызметкері — 2025» номинациясы Маханбет Ахметовке берілсе, «Жылдың үздік оқушысы — 2025» номинациясымен Рабия Қодар марапатталды.

Жылды қорытындылайтын шаққа да келіп жеттік. Баршаңызды Жаңа жыл мерекесімен құттықтаймын. Сондай-ақ ер салада жоғарыдан көрінген әріптестерімің бүгінгі марапаты жетістіктің басы болсын. Қаржы саласына ұзақ жылдан бері еңбек етіп келемін. Бүгін сол еңбегіміз өлеңіп, арнайы номинацияға лайық деп танылдым. Азды-көпті еңбегімізді бағалап жатқан аудан әкіміне алғысым шексіз. Мереке құтты болсын, жылан жылына өкпе жоқ, ауданда қаншама жоба жүзеге асты. Алдағы жылы да мақсат-міндеттер айқын. Ауданның дамуы жолында әлі де аяқпай еңбек ете береміз. Бұл марапат сол жолда бізге шабыт болары сөзсіз, — деді «Жыл қаржыгері» Дастан Бахтияров.

Мерекелік шара Қ.Қазантаев атындағы аудандық мәдениет үйінің көркемөнерпаздары ұсынған театрландырылған қойылыммен жалғасып, көрермендер өсем ән мен әсерлі сахналық көріністерге куә болды.

Н.ҚАЗЫБЕК

Құттықтау

Құрметті аудан тұрғындары!

Сіздерді келе жатқан жаңа 2026 жылмен шын жүректен құттықтаймын! Еліміз тағы бір жылды тарих қойнауына жіберіп, жаңа кезеңге қадам басты.

Өткен жыл еліміз үшін, әсіресе ауданымыз үшін жарқын жобалар жүзеге асқан табысты, жарқын істерге, жетістіктер мен жеңістерге толы жыл болды. Бұл жыл өзінің есте қаларлықтай оқиғаларымен, құндылықтарымен ел тарихынан лайықты орнын алатыны сөзсіз.

Өткен жыл белесінде еліміздің экономикасы қарыштап дамыды. Халықтың әл-ауқаты еселеп өсті. Біздің бұл күнгі жеткен жетістігіміз, жасалған жарқын істер — тәуелсіз еліміздің, халқымыздың бірлігі мен жасампаздығының жемісі. Ауданымыз үшін де жаңа жетістіктер мен мүмкіндіктердің, серпінді жобалардың орындалуымен құнды жыл болды. Аудандағы жұмыстар негізінен әлеуметтік саланы дамытуға, шағын және орта кәсіпкерлікке серпін беруге, жаңа жұмыс орындарын құру арқылы өңір экономикасын арттыруға бағытталды. Жаңа жұмыс орындары ашылып, құрылыс қарқыны жүрді. Жолдар жаңартылып, әлеуметтік-экономикалық маңызы бар мәселелер жолға қойылды. Жалпы аудан бюджеті ең өзекті мәселелерді шешуге, аудан тұрғындарының өмір сүру сапасын арттыруға жұмсалуда.

Алда тұрған жаңа жыл жаңа мүмкіндіктер мен тың бастамалар жылы болмақ. Біз алдағы уақытта да халықтың әл-ауқатын арттыру, экономиканы нығайту және әлеуметтік тұрақтылықты қамтамасыз ету жолында жүйелі жұмыстарды жалғастыра береміз.

Құрметті жерлестер!

Біз жаңа жылға ерекше пейілмен, жақсы ниетпен, ізгі үмітпен қадам басамыз. Жаңа жыл — адамзат баласы үшін алдағы күндерді межелеп, өткенді зерделейтін маңызды кезең. Алда ауқымды жоспарларымыз да бар. Жақсылықтың жаршысы жаңа жыл ынтымағы мен бірлігі жарасқан аудан халқы үшін сәтті жыл болып, әр шаңараққа береке-бірлік, шаттық пен қуаныш орнасын!

Құрметпен, аудан әкімі
Ардақ Ибраимов

Оқушылар үйінде Жалағаш ауданы бойынша білім бөлімінің басшысы Талғат Садықов пен білім саласы қызметкерлері кәсіподақ комитетінің төрағасы Гүлзат Құрманбаеваның қатысуымен салтанатты шара өтті. Жыл қорытындысына арналған салтанатты шарада білім бөлімінің басшысы Талғат Құрақбайұлы салада атқарылған ауқымды жұмыстарға тоқталды. Атап айтқанда, жүйелі дайындықтың нәтижесінде 2025 жылы оқушылар арасында өткен түрлі танымдық байқауларға облыстық деңгейде 231 оқушы қатысып, оның 182-сі жеңімпаз атанса, республикалық деңгейде 24 оқушы жүлделі орын иеленді.

Оң нәтиже — еселі еңбек жемісі



Жалпы білім беретін пәндер бойынша республикалық ғылыми жоба конкурсының облыстық кезеңіне 11 оқушы қатысып, 6 оқушы жүлделі орын, 5 оқушы алғыс хатпен марапатталып, 1 оқушы республикалық кезеңге жолдама алды. «Зерде» 2-7 сынып оқушыларына арналған ғылыми жобалар байқауының аудандық кезеңінен 135 оқушы жүлделі орын алып, 15 оқушы 2026 жылдың қаңтарында өтетін облыстық кезеңге жолдама алды.

Ауыл мектептерінің 9-11 сынып оқушыларына арналған пәндік олимпиаданың республикалық кезеңіне 22 оқушы қатысып, оның 5-еуі жүлделі орын алса, республикалық пәндік олимпиаданың республикалық кезеңіне 3 оқушы қатысып, 2 оқушы ІІ, ІІІ орын иеленіп, олимпиада қорытындысымен №123 мектеп-лицейі еліміздегі «100 үздік олимпиада мектебі» рейтингіне енді. Осы ретте Қызылорда облысының білім басқармасы «Дарын» облыстық қосымша білім беру орталығының 2025 жылғы қорытындысымен Жалағаш ауданы облыстық, республикалық деңгейде олимпиадалар мен ғылыми жобалардан үздік нәтиже көрсеткені үшін «Жас ғалымдар ордасы» және «Балалық әлем бейнесі» номинациясымен марапатталды.

Педагогтер арасында өткен кәсіби байқаулардың республикалық кезеңіне 8 мұғалім қатысып, оның 5-еуі жүлдегер атанса, облыстық кезеңге 29 педагог қатысып, 16-сы жеңімпаз атанды. Республикалық байқау жеңімпаздары «Дарынды балаға — талантты ұстаз — 2025» байқауынан І орын, «Жаңа мектепке жаңашыл ұстаз — 2025» облыстық байқауынан І орын, республикадан «Диплом», «Үздік авторлық бағдарлама — 2025» байқауынан ІІ орын, «Педагогикалық идеялар фестивалі — 2025» байқауының облыстық кезеңінде 2 педагог І орын алып, 8-9 қайтарада өтетін республикалық кезеңге жолдама алды. Осы орайда білім бөлімі басшысы ұстаздар қауымын келе жатқан Жаңа жылмен құттықтап, аса жауапты әрі қастерлі міндетті абыроймен атқарып жүрген барша білім саласы қызметкеріне алғысын жеткізді.

Салтанатты кеште жыл бойы үздік нәтиже көрсеткен білім саласының қызметкерлері марапат төрінен көрінді. Сонымен қатар аудан бойынша үздіктер қатарынан көрінген сала қызметкерлері ҚР Оқу-ағарту министрлігінің «Құрмет» грамотасымен, алғыс хатымен, облыстық білім басқармасының «Құрмет» грамотасымен, Білім қызметкерлері кәсіподағының төсбелгілері және грамоталарымен, аудан әкімінің «Құрмет» грамотасымен марапатталды.

Шарада ауданның жыл қорытындысы бойынша бірқатар ұстаз марапатталды. Ауданның бас ұстазы Талғат Садықов салада қажырлы еңбек еткен әріптестеріне «Жыл үздігі — шығармашыл ұстаз», «Жыл үздігі — Жаңашыл ұстаз», «Жыл үздігі — креативті ұстаз», «Жыл үздігі — ізденімпаз тәрбиеші» және «Үздік еңбек адамы» номинацияларын табыстады. Қорытынды кеш әсем ән мен әсерлі бейне ұласып, ұстаздар қауымына көтеріңкі көңіл күй сыйлады. Бұл еңбегі елгенге, мерейі асқан білім саласы қызметкерлері үшін үлкен құрмет пен мол мотивация болған тағылымды сәттерге толы кеш болды.

Е.АНУАРҰЛЫ

Жылан жылы жарқын жобалар жүзеге асты

ЖЫЛ АЯҚТАЛУҒА САНАУЛЫ УАҚЫТ ҚАЛДЫ. БҰЛ – ӘР ІСТІҢ ҚОРЫТЫНДЫСЫ ЖАСАЛИП, НӘТИЖЕЛЕРГЕ БАҒА БЕРЕТІН КЕЗЕҢ, БИЫЛ ЫНТЫМАҒЫ ЖАРАСҚАН ЖАЛАҒАШ АУДАНЫНДА ЖЕТІСТІК КӨП. ЖЫЛ БОЙЫ АЛҒА ҚОЙҒАН МІНДЕТТЕР УАҚЫТЫЛЫ ЖӘНЕ САПАЛЫ ОРЫНДАЛДЫ. МҰНЫҢ БАРЛЫҒЫ БІРЛЕСКЕН ҰЙЫМШЫЛДЫҚ ПЕН ТАБАНДЫЛЫҚТЫҢ АРҚАСЫ ДЕУГЕ ӘБДЕН БОЛАДЫ.

Биыл Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Сыр өңіріне жұмыс сапарымен келіп, жаңа әлеуметтік, инфрақұрылымдық және өндірістік ғимараттарды аралап, облыстың даму қарқынымен танысқаны белгілі. Бірқатар нысанды аралаған Президент аймақ зиялыларымен кездескенде облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаевтың мол еңбегін айтып, аймақтың даму қарқынын жоғары бағалағаны да есімізде. Бұл – барша өңірдің өркендеуі жолындағы табанды еңбек, бірлік пен берекелі бастамаларға берілген үлкен баға.

Жол жөндеуді, нысан жаңарды

35 мыңнан астам халқы бар Жалағаш ауданының басты кәсібі ауыл шаруашылығына негізделген. Бұған қоса кәсіпкерлік, инвестиция тарту, осы арқылы жаңа жұмыс көздерін ашу дұрыс жолмен дамып келеді. Ауданда барлық бағыттар бойынша өсу динамикасы тұрақты. Атап айтсақ, өнеркәсіп өнімдерін өндіру 15,3 пайызға артып, 34 млрд 486 млн теңгенің өнімі өндірілді. Оның ішінде өңдеу өнеркәсібі шаруашылықтардың күрші ақтау және «Өркен Әлем» ЖШС-ның өндірген өнімі есебінен 148,1 пайызға артып, 13 млрд 893 млн теңгенің өнімін өндірген.

Ауданда негізгі капиталға тартылған инвестиция көлемі 8,3 пайызға артып, 17 млрд 898,2 млн теңгені құрады. Ал ауыл шаруашылығы өнімінің көлемі 33 млрд 95,8 млн теңгеге ұлғайды. Бөлшек сауда көлемі 3 млрд 443,8 млн теңгеге жетті.

Жалағашта 18 443 шаршы метр болатын 113 жеке тұрғын үй пайдалануға берілді. Бұл өткен жылмен салыстырғанда 100,4 пайыз болып отыр. Құрылыс жұмыстарының көлемі 109,8 пайызға орындалып, 9 млрд 561 млн теңгені құрады.

Биыл аудан бюджеті 9,3 млрд теңге көлемінде қалыптасып, жыл көлемінде 10,5 млрд теңгеге нақтыланды. Оның ішінде жергілікті кірістер болжамы 2,4 млрд, субвенция 4,5 млрд, трансферттер 2,2 млрд, бюджеттік кредиттер 1,2 млрд теңге болды.

Осы жылы ауданға бюджеттен 2,1 млрд теңге бөлініп, 15 жоба іске асуда. Айталық, аудандық маңызы бар жолмен ішкі көшелерді жөндеу бойынша 2 млрд теңгені құрайтын 7 жоба жүзеге асты. Оған Бұқарбай батыр елді мекенінің 11 көшесі, «Қызылорда-Жалағаш-Ақсу-Беркімбай қалпе» аралығында аудандық маңызы бар кірме автожолы, Жалағаш кентінің 11 ішкі көшесі, Мөрәлі Шәменов ауылындағы Жамбыл, Ердүзелов көшелерінің жолдарын күрделі жөндеу жұмыстары кіреді. Қаракеткен және Далдабай ауылындағы 16 көшені жөндеу жыл аяғында толық бітсе, Аққыр елді мекенінің 5 ішкі көшесінің құрылысы келесі жылы аяқталады.



Бийл Аққыр ауылынан спорттық жаттығу алаңы пайдалануға берілді. Ал Есет батыр елді мекенінің ауыс-су жүйесін жаңғырту және кеңейту жұмыстары алдағы жылы аяқталады. Ең бастысы, Қаракеткен және Далдабай елді мекендеріне газ құбыры мен орамыштық газ тарату желілерінің құрылысын бастауға облыстық бюджет есебінен 1 млн теңге қаржы бөлінді. Негізгі жоба құны – 1 178,4 млн теңге.

Айтпақшы, аудандық қазына қазанынан да бес жобаға (44,1 млн теңге) қаржы бөлінді. Аталған бюджет Қонысбек Қазантаев атындағы Мәдениет үйі ғимаратының шатырын жөндеуге, «Наркескен» спорт клубы төңірегіндегі ғимаратқа, жабық бассейнге ағымдағы жөндеуге жұмсалды. Мұның қатарында террористік тұрғыда осал объектілердің қауіпсіздігін қамтамасыз ету және стадионға орындықтар орнату жұмыстары да бар.

Қазір ауданда жалпы құны 20,3 млрд теңгені құрайтын 48 нысан-ның жоба-сметалық құжаты дайындалып, республикалық және облыстық бюджеттен қаржыландыру үшін тиісті салалық басқармаларға бюджеттік өтінім тапсырылған. Бұдан бөлек алдағы жылдары жоспарланған 10 нысанның жоба-сметалық құжаттарын әзірлеуге 107,1 млн теңгеге жобалау жұмысы жүруде.

Кәсіпке ынталыларға қолдау тоқтамайды

Жалағашта жұмыс істеп тұрған шағын және орта кәсіпкерлік субъектілерінің саны 2795-ке жетті. Биыл кәсіпкерлік саласына қаржы институттары арқылы 3,2 млрд теңге тартылып, 238 жоба қаржыландырылды.

Мемлекет басшысының ауылдық жерлердегі тұрғындардың табысын арттыру туралы тапсырмасымен ауданда «Ауыл аманаты» жобасын іске асыру жұмыстары тұрақты жүзеге асуда. Аталған жоба аясында Биыл әртүрлі бағытпен 166,5 млн теңгені құрайтын 33 жоба қаржыландырылып, 35 жаңа жұмыс орны құрылды. Мұның ішінде өңдеу бағыты, асылтұқымды мал өсіру, құс пен омарта шаруашылығы және қызмет көрсету бағыты бойынша жобалар бар.

Қазір ауданда қосымша 35 млн теңгені құрайтын 5 жобаның құжаттары жинақталып, платформаға енгізу жұмыстары жүруде. Сондай-ақ осы жылы өңірлік пул аясында жалпы құны 1 млрд болатын 4 инвестициялық жоба іске

асырылуда.

Алғашқысы – құны 150 млн теңге болатын «Ер-Әлі» шаруа қожалығының күрші ақтау және жем өндіру зауыты. Қазір бұл кәсіпорын іске қосылып, жаңадан 5 жұмыс орны ашылған.

50 млн теңгеге «Бейбарыс» жеке кәсіпкерлігі «Кондитерлік өнімдер шығару» цехын, 380 млн теңгеге «Тәтті» жеке кәсіпкерлігі сауда және ойын-сауық орталығын іске қосты. Сонымен қатар «Таң ЛТД» ЖШС өндірістік база ғимаратын жақында пайдалануға бермек. Қазір оның құрылыс жұмыстары толықтай аяқталып, құрал-жабдықтары орнатылды.

Облыс әкімдігінің сүйемелдеуімен жоба құны 51 млрд теңгені құрайтын «Харвест Агро Холдинг» компаниясының техникалық қарасора, жүгері және сояны өсіру мен қайта өңдеу бойынша агро-индустриялық кластер құру жобасы іске асырылуда. Аталған компания тарапынан бүгінде егіс алқаптарын дайындау жұмыстары басталды. Жоба іске асырылғаннан кейін 150 адам тұрақты жұмыспен қамтылмақ. Бұл ауданға инвестиция тартумен қатар, жұмыспен қамтылу көрсеткіштерінің орындалуына да өз септігін тигізеді деген сенім бар.

Алдағы жылы Жалағашта Ұлттық цифрлық инвестициялық платформа аясында «Агрохим-сервис-С» серіктестігінің құны 905 млн теңгені құрайтын «Қоймалар және шатыр құрылысы» жобасын бастау жоспарланған. Бүгінде қоймалардың 90 пайыздан астам жұмысы аяқталды. Қытай елінен құрал-жабдықтардың алғашқы легі келді. Жобаны 2026 жылдың 1 тоқсанына дейін толықтай іске асыру көзделген.

Аудан диқандары алдыңғы сапта

Ауыл шаруашылығы саласы – ел экономикасының маңызды әрі стратегиялық бағыты. Сала елдің азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз етіп қана қоймай, ауылдағы халықты жұмыспен қамтуда да шешуші рөл атқаратыны анық. Ал Сырдағы ауыл шаруашылығы аймақтың табиғи-климаттық және топырақ ерекшеліктеріне қарай толығымен суармалы егіншілікке, оның ішінде күрші өсіруге бейімделгені белгілі. Жалпы Жалағаш ауданындағы 383 шаруашылықтың 210-ы егінмен, ал 173-і мал шаруашылығымен айналысады.

Биыл еліміздің барлық өңірінде

су тапшылығы орын алып, бұл қиындықпен біздің аймақтың диқандары да бетпе-бет келді. Бірақ Президент пен Үкімет және облыс әкімдігінің қолдауымен өңірдегі шаруалар жаңа заманауи технологиялар мен техникаларды тиімді пайдалана отырып, жер несібесін ысырапсыз жинап алды.

Биыл Жалағашта 36 712 гектар жерге егін егілді. Оның 19 357 гектары негізгі дақыл күрішті құрайды. Кешегі күзде оның әр гектарынан 60,1 центнер, яғни барлығы 116 331 тонна өнім қамбаға құйылды. Сондай-ақ серіктестіктер тарапынан 1,1 млрд теңгеге 21 ауыл шаруашылығы техникасы сатып алынды.

Айта кету керек, биылғы жылдың егін жинау қорытындысымен Жалағаш ауданы облыста «Ауыл шаруашылығы саласына инвестиция тарту бойынша озат аудан» номинациясын жеңіп алды.

Егін шаруашылығымен бірге ауданда мал шаруашылығы да тұрақты дамуда. Аудан көлемінде барлығы 35 226 бас мүйізді ірі қара, 28008 бас уақ мал, 30021 бас жылқы, 752 бас түйе, 9 431 бас құс бар. Жыл бойы 3185,1 тонна ет, 4456,6 тонна сүт, 257,4 мың дана жұмыртқа өндірілді. Былтырғымен салыстырғанда ет 101,3, сүт 100,8, жұмыртқа 100,1 пайызға артық орындалған.

Маңызды жұмыстың бірі Жалағашта пайдаланылмай жатқан және ҚР заңнамасын бұза отырып пайдаланылып отырған жерлерді мемлекет меншігіне қайтару жұмыстары бекітілген жоспарға сәйкес жүргізілуде. Осы жылы 12 мың гектар жер мемлекет меншігіне қайтарылса, 7 мың гектар жер үшкесі қайта айналымға енгізілді. Ал алдағы жылы 57 мың гектар болатын жер учаскелері қайта айналымға енгізілмек.

Инфрақұрылым тарту – басты міндет

Мақала басында біз аудан орталығы мен елді мекендердегі жол құрылысын жазғанбыз. Осының нәтижесінде Жалағаштағы жолдардың жақсы және қанағаттанарлық жағдайдағы үлесі 94 пайызға жетті. Ал ішкі көшелердің үлесі 86 пайызды құрады.

Екіншіден, елді мекендерді ауыс-сумен қамтамасыз ету бойынша нақты нәтижеге жұмыс жасалуда. Қазір аудан халқы 100 пайыз орталықтандырылған таза ауыс-сумен қамтылған.

мектеп, №202 және №246 мектептің кабинеттері қайта жабдықталды.

Ал мәдениет саласында осы жылы «Адал адам» мәдени-тәрбие орталығы жобасымен бүгінге дейін түрлі форматтағы 1219 іс-шара өткен болатын. Ең қуаныштысы, облыс басшысының қолдауымен жалпы құны 1,6 млрд теңгеге «Руханият» орталығы салынып, ел игілігіне табысталды. Қазір мұнда неке қию залы, кітапхана, музей, архив, жастар орталығы, ардагерлер мен аналар ұйымы тұрақты жұмыс істеуде.

Спорт саласындағы жетістіктер де аз емес. 14 мыңнан аса аудан тұрғыны бұқаралық спортпен тұрақты түрде айналысады. Бұл – аудан тұрғындарының 40,5 пайызы.

Жалағаштық спортшылар әлемдік және Азия чемпионаттары мен облыстық жарыстарда әртүрлі деңгейдегі 300-ге жуық медаль алып, жоғары жетістіктерге қол жеткізді. Бұдан басқа спорт саласын дамытуда айрықша көңіл бөлініп, сәулеті келіскен жаңа ғимараттар бой көтеріп, ел игілігіне табысталуда.

Айталық, осы жылы аудан орталығында жалпы құны 471,6 млн теңгеге дене шынықтыру-сауықтыру кешені салынса, «Қазақстан халқына» қорының демеушілігімен Аққыр ауылында спорт кешені пайдалануға берілді. Қазақстан Футбол федерациясының «Алаң» жобасы аясында орталық стадионның жасанды алаңы қайта жабдықталып, жергілікті бюджет есебінен толық жаңғыртудан өтті.

Ауданда денсаулық сақтау саласында да оң өзгерістер бар. Тіптік үлгідегі жаңа аурухана, жаңа емхана аудан тұрғындарының денсаулығын жақсартуға оң ықпал етуде.

Биыл «Ауылда денсаулық сақтауды жаңғырту» ұлттық жобасымен республикалық бюджеттен бөлінген 388,7 млн теңге қаржыға Қаракеткен ауылында типтік жобадары жаңа дәрігерлік амбулатория салынды. Сонымен қатар диагностика саласындағы қызметтің сапасын арттыру мақсатында жалпы құны 62,4 млн теңгеге заманауи ультрадыбыстық диагностикалық аппараты сатып алынды.

Мемлекет басшысының аймақтарды абаттандыру және көгалдандыруды бастау жөніндегі тапсырмасы баршаға белгілі. Қазір елімізде «Таза Қазақстан» экологиялық бағдарламасы тұрақты жүзеге асырылуда.

Осыған орай ауданның барлық елді мекенінде санитарлық тазарту, абаттандыру және көркейту-көгалдандыру жұмыстары жүріп келеді. Кент, ауылдық округтерде орналасқан скверлер мен парктер, тарихи-мәдени ескерткіштер, әлеуметтік нысандар, бизнес-нысандары, су объектілері мен көшелер бойында ұдайы тазалық жұмыстары тоқтаған емес. Жыл бойы 5 мың тоннаға жуық қатты қалдықтар белгіленген орынға шығарылып, тазалыққа 540 техника жұмылдырылған. Сондай-ақ ауданда өңірдің климатына сәйкес жерісінетін 32800 қарағаш, терек және Сыр талының көшеті егілді.

Сөз соңы. Халықтың әл-ауқатын арттыруға бағытталған бастамаларды бірлесіп жүзеге асыру – елдік шаруа, мемлекет пен азаматтық қоғам өкілдерінің ортақ міндеті. Ендігі мақсат – жоғарыда аталған жетістіктерді жоғалтпау әрі жобалардың ауқымын кеңейту. Көрсеткіштерді төмендетпей, барынша халық әлеуетіне жұмыс істеу. Сонда ғана бірлік пен бүтіндігін сақтаған Жалағаш ауданының даму қарқыны ілгерілей бермек. Жалпы жыл бойы атқарылған жұмыстарды сараладық, 2025 жылға өкпе жок, келер жылдан үміт көп.

Ержан БЕКМЫРЗА



Ардагерлер – асыл қазына

Елімізде 1987 жылы құрылып, бүгінге дейін жүйелі жұмыс жасап отырған қоғамдық бірлестіктің бірі – ардагерлер ұйымы. Ресми түрде осы жылы құрылды дегенімізбен елді ізгілікке, татулыққа бастап, ел ішіндегі түрлі дауларды өзара әділ шешетін ақсақалдар және билер кеңесі әлімсақтан бар. Оған дәлел қазақ даласына орыс патшалығының отарлаушылары келгенге дейін ешқандай жазалаушы орындар немесе түрмелер болмаған. Қазақ сахарасындағы рулар арасындағы жер және жесір даулары мен барымтаға байланысты дау-дамайлар осы билер алқасы мен ақсақалдар ортасында шешіліп, оған халық тоқтаған.



ҚР ІІМ-нің «Құрмет» грамотасымен 2 ардагер, Қазақстан Журналистер одағының «Құрмет» грамотасымен 1 ардагер және басқа да бірнеше ардагеріміз аудан әкімі, облыстық полиция департаменті мен аудандық полиция бөлімінің, облыстық, аудандық ардагерлер кеңесі мен полиция департаменті ардагерлер кеңесінің марапатына ие болды. Денсаулық жағдайына байланысты емдеу-сауықтыруды қажет ететін мүгедектіп бар екі ардагерімізге облыстық полиция департаменті ардагерлер кеңесінен Сарыағаш санаториіндегі ҚР ІІМ-нің орталығына тегін жолдама берілді.

Бірнеше ардагеріміз «Қазақстан Полициясына 30 жыл», «Ардагерлер қоғамына қосқан үлесі үшін», «Қазақстан Конституциясына 30 жыл» төсбелгісімен марапатталса, 70 жастағы ардагеріміз Ғабит Сисенбаев ҚР ІІМ-нің Құрметті ардагері атағымен марапатталып, арнайы медальіне ие болды.

Күшітік құрылымдардың қызметкерлері арасында «Әйелдер – мықты тынымыз» деген қағида қалыптасқан. Осы орайда бірнеше ардагеріміздің жұбайларына ведомствалық «Ана жүрегі» төсбелгісі тапсырылды. Бұған дейін де өмірден өткен бірнеше әріптесіміздің жұбайларына және мүмкіндігі шектеулі әріптесіміздің күтіміне қарап отырған жұбайына «Офицердің жұбайы» төсбелгісі тапсырылды.

Өмірден өткен жандарды еске алып, олардың рухына арнап құран бағыштату ісі мұсылман жамағатының қасиетті борышы десек, бұл – қазақ халқының гасырлар бойы жасап келе жатқан сауапты ғұрыптық дәстүрі. Күркірей өткен Ұлы Отан соғысынан кейінгі жылдардан бастап бүгінге дейін Жалағаш аудандық ішкі істер бөлімінде қызмет еткен 89 тәртіп сақшысы өмірден өткен. Жыл басында осы ата-әкелеріміз бен ағаларымыздың, заманда әріптестеріміздің рухына арнап аудандық мешіт асханасында құдайы ас беріліп, марқұмдардың барлығының аты-жөні аталып, құран бағышталды. Бұл құдайы асқа еліміздің әр аймағынан және облыс орталығы мен аудандардан марқұмдардың ұрпақтары мен жақындары және аудандық ардагерлер ұйымының мүшелері қатысты.

Бүгінде еліміздегі «Таза Қазақстан», «Халыққа жақын полиция», «Заң мен тәртіп» қағидаттарын насихаттау бағытында да бастауыш ұйым мүшелерімен Жалағаш аудандық полиция бөлімі басшылығының қолдауымен жеке құрам қызметкерлері арасында тәрбиелік түсіндірме жұмыстары тұрақты жүргізілді. Соңғы екі жыл көлемінде ардагерлеріміз полиция бөлімі ғимаратының ауласына саялы ағаштардың көшеттерін отырғызып, жас көшеттерді күтіп-баптауды жас тәртіп сақшыларына аманаттап тапсыру дәстүрге айналды.

Бейбітшілік сүйетін әлем халықтары арасында 9 мамыр Ұлы Жеңіс күні мерекесінің маңызы ерекше. Быыл осы Ұлы Жеңіске 80 жыл толып, оны ізгі ниетті әлем халықтары лайықты қарсы алды.

Айтулы мерекені де біздің бастауыш ардагерлер ұйымының мүшелері облыстық полиция департаменті ардагерлер

кеңесі мен аудандық полиция бөлімі басшылығының қолдауымен лайықты атап өтті. Атап айтқанда, мереке қарсаңында Ұлы Отан соғысына қатысып, Жалағаш аудандық ІІБ-де қызмет атқарған тәртіп сақшылары Кенжетай Өтепбергенов, Сүйеніш Асылбаев, Жұмабай Байқадамов, Әмір Аманов, Махамбетжан Бержанов, Төремұрат Оспанов пен Төлеубай Ізкенов аталарымызды еске алуға арналған Жалағаш ауданы мен облыстық ішкі істер органдары ардагерлерінің арасында пневматикалық винтовкадан нысана арудан турнир ұйымдастырылды. Осы орайда тағы бір жұмысымыз, менің өзімнің Ұлы Жеңіс мерекесінің құрметіне арнап бес бөлімнен тұратын соғыс және тыл ардагерлерінің рухына бағышталған «Жалағаштық майдангер сақшылар» деген деректі зерттеу еңбегім жарық көрді. Бұл зерттеу еңбегіңізді түсақұсер рәсімі облыстық полиция департаменті ардагерлер кеңесі мен аудандық полиция бөлімі басшылығының қолдауымен аудандық кітапханада өтті.

Тағы бір атқарылған рухани-танымдық шарамыз ардагерлеріміздің балаларының, немерелерінің, арасында «Менің полициям», «Отан қорғаушы», «Құтқарушы» «Жол сақшысы» тақырыбында сурет салу мен мәнерлеп өлең оқудан халықаралық балаларды қорғау күні қарсаңында байқау ұйымдастырылды. Байқауға 6-12 жас арасындағы балашықтарысып, оларға өздерінің аталары мен әкелері қызмет еткен полиция бөліміне экскурсия ұйымдастырылды. Байқау соңында жеңімпаз жас таланттар мен қатысушыларға арнайы дипломдар мен бағалы сыйлықтар тапсырылды. Бұл шараны ұйымдастыруға да ардагерлерімізбен қатар бөлім бастығының орынбасары, полиция подполковнигі Абзал Сералиев пен нәзікжан тәртіп сақшылары, полиция майорлары Құралай Мақсұтқызы мен Салтанат Көлменова айтарлықтай қолдау көрсетті.

Жас полиция қызметкерлерінің рухани-танымдық түсініктері мен ұлттық құндылықтарға көзқарасын қалыптастыру мақсатында аудандық полиция бөлімі басшылығының бастамасымен бөлімде көптеген кітап қоры бар кітапхана жасақталған еді. Осы бастамаға да бастауыш ұйым мүшелері белсенді араласып, кітап қорын толтыруға атсалысты. Бұл кітапхананың ашылу салтанатына «Ішкі істер органдары мен Ұлттық ұлан ардагерлерінің қазақстандық кеңесі» ҚБ-ның төрағасы, милиция генерал-майоры Болсамбеков Әмірзақ Құспанұлы мен аудан әкімі Ардақ Ибраимов қатысып, полицияның ақсақал генералы лентасын қиды. Осы бағыттағы жұмыстардың жалғасы ретінде бөлімнен аудандық ішкі істер бөлімінің және жалпы полицияның тарихына байланысты музей жасақтау үстінде. Бұл игі бастамаға да ардагерлеріміз белсенді араласып, полицияның өткен тарихына қатысты көптеген заттай құнды экспонат пен құжаттар және фото суреттер әкеліп тапсыруда.

«Ішкі істер органдары мен Ұлттық ұлан ардагерлерінің қазақстандық кеңесі» ҚБ-ның Жарғысына сәйкес әрбір

бастауыш ұйым мүшелері жылына бір рет мүшелік жарна төлеуі тиіс. Осы Жарғыда жарнапұл төлеуге міндеттеліп, өтініш жазғандар ғана бастауыш ұйымға мүше болып қабылданатыны нақтыланған. Бұл бағытта да біршама жұмыс атқарылуда. Бастауыш ұйымда жарнапұлға жауапты қазынашы бекітілген. Ал жарнапұл қаражаты науқастығына байланысты немесе басқа да жағдайларда көмек қажет ететін ардагерлерімізді қолдауға және ұйым мүшелерінің мерейтойын атап өтуге жұмсалады. Сондай-ақ халықаралық әйелдер мерекесі мен қарттар күніне байланысты және түрлі рухани-танымдық шаралар өткізу үшін жұмсалады. Дегенмен осы жарнапұлға байланысты шет қалып жүрген зейнеткерлеріміз де бар. Бірақ оларға түсіндіру жұмыстары жүргізілуде.

Жыл сайын 1 қазан – Халықаралық қарттар күніне байланысты егде жастағы ардагерлерімізге құрмет көрсетіледі. Бұл – қоғамның дамуына айтарлықтай үлес қосқан өмірлік тәжірибенің қазынасы іспетті қарияларға деген құрметтің белгісі. Қарияларға құрмет бір күн емес, әр күні құрмет көрсету ұлттық құндылықтарымыздың ең маңыздысы десек те болады. Осы орайда айтарлықтай жұмыстарымыз бар. Быыл қарттар күні мерекесі аудандық ардагерлер кеңесі мен аудандық полиция бөлімі басшылығының қолдауымен аудандық «Руханият» орталығында үлкен дәрежеде өтті.

Быыл қырық жылдай аудандық ішкі істер бөлімінде техникалық қызметкер болып еңбек еткен батыр ана, еңбек ардагері Торы Жүнісова 85 жасқа толды. Қарапайым еңбек адамы Торы Жүнісқызы біздің ұсынысымызбен «Жалағаш ауданына – 85 жыл» медальімен және облыстық полиция департаменті мен полиция департаменті ардагерлер кеңесінің, аудандық ардагерлер кеңесінің «Құрмет» грамотасымен марапатталды. «Жас жүрген жер – мереке, қарт жүрген жер – береке» деген. Қарт ананың мерейтойына байланысты Жалағаш аудандық полиция департаментінің бастығы, полиция полковнигі Мақсат Баймағанбетов өзінің және бөлімінің жеке құрамы мен ардагерлер ұйымының атынан көделі сый-сияпат жасады.

Міне, Жалағаш аудандық полиция бөлімінің бастауыш ардагерлер ұйымында ұйымдастырылған жұмыстардың бір парасы осындай. Өрине, қандай да бір игілікті іс шараны ұйымдастыруға қолдау қажет. Осы орайда бізге облыстық полиция департаменті ардагерлер кеңесінің төрағасы, полиция департаменті бастығының кеңесшісі, облыстық мәслихаттың депутаты, жерлесіміз Әмірбек Бердібөкұлының, аудандық ардагерлер кеңесінің төрағасы Садық Әлиұлы ағамыз бен аудандық полиция бөлімінің бастығы, полиция полковнигі Мақсат Баймағанбетовтің айтарлықтай қолдау білдіргенін айта кеткен жөн.

Ең бастысы, бастауыш ардагерлер ұйымындағы бір жағадан бас, бір жеңнен қол шығарып, барлық іс-шарамыз ұйымшылдық пен ауызбіршіліктің арқасында өткізіледі. Бұрын аудандық ішкі істер бөлімі мен басқа да құқық қорғау органдарында өртүрлі лауазымда қызмет атқарған зейнеткер ардагерлеріміз ұйымдастырылған іс-шараларға белсенді қатысады. Өзінен кейінгі жастарға үлгі болып, қоғамдық жұмыстарға белсенді араласып жүрген зейнеткер ардагерлеріміз Ғабит Сисенбаев, Айтбай Шегебаев, Шәкізода Мустафа, Бейбітшілік Толыбаев, Сұлтанбек Көбеков, Мұратбек Алдамбергенов, Жанат Мұзап-барова, Бейбітбек Шаханов, Асылхан Абдраманов, Бостандық Құланбаев, Ерлан Аманов, Темірбек Шілдебаев, Таңатар Доспанов, Қайрат Сейдахметов, Бекжан Саламатов, Жалғасбек Мусаев, Қанат Жақанбаев, Асылбек Жәнібеков секілді басқа да зейнеткер ардагерлер – біздің мақтанышымыз. Біздің ардагер зейнеткерлеріміз барлық уақытта облыстық, аудандық ішкі істер органдарының басшылығы мен сала ардагерлері ұйымының басты назарында!

Болатбек НҰРЖАНОВ,
Қазақстан Журналистер
одағының мүшесі,
аудандық полиция бөлімі
бастауыш ардагерлер ұйымының
төрағасы

Аламесек ауылдық округінде қоғамдық тәртіп пен тұрғындар қауіпсіздігін қамтамасыз етуге бағытталған маңызды нысан №14 учаскелік полиция пункті пайдалануға берілді. Жаңа пункт Жаңадария және Аламесек ауылдық округтеріне ортақ, яғни екі елді мекен халқына бірдей қызмет көрсетеді. Бұл бастама – құқық бұзушылықтың алдын алу, полиция қызметінің қолжетімділігін арттыру және ауыл тұрғындарының тыныштығын сақтау жолындағы нақты әрі тиімді қадам.

ПОЛИЦИЯ ПУНКТІ — тұрғындар қауіпсіздігінің кепілі



1939 жылы құрылған еңбек пен берекенің мекені Аламесек ауылдық округі аудан орталығынан шалғай орналасқан. Жаңадария мен Аламесектің арасы 18 шақырымды құрайды. Мұнда 1 888 адам тұрады. Елді мекенде 32 шаруашылық, 109 кәсіпкерлік субъектісі тіркелген. Халықтың негізгі кәсібі – егін және мал шаруашылығы. Елді мекенде бір мектеп пен ауылдық емхана халыққа қызмет көрсетуде. Қазіргі таңда ауылдық округте 9 бейнебақылау камерасы орнатылған.

Айта кетейік, ауылдағы орта мектепте «Жас сақшы» сыныбы ашылған. Арнайы жабдықталған кабинетке осы ауылдың тумасы, ішкі істер саласында адал қызмет етіп, қызмет барысында қаза тапқан Кеңесбек Әбішевтің есімі берілген.

1963 жылы құрылған Жаңадария ауылдық округі де – аудан орталығынан ең алыс орналасқан елді мекеннің бірі. Мұнда 551 адам тұрады. Елді мекенде 23 шаруашылық, 21 кәсіпкерлік субъектісі бар. Қазіргі уақытта 4 бейнебақылау камерасы орнатылып, оларды Жедел басқару орталығына қосу жұмыстары жүргізілуде.

№14 учаскелік полиция пункті Есет батыр ауылындағы Бөлебай би көшесінде орналасқан. Ғимарат заманауи талаптарға сай арнайы техникамен, жиһаздармен толық жабдықталып, интернет желісіне қосылған. Жалпы аумағы 90,3 шаршы метрді құрайтын нысанда 4 қызметтік кабинет бар. Екі ауылдық округке учаскелік полиция инспекторы, полиция майоры Нұрболат Сыдықұлы қызмет көрсетеді. Ол ішкі істер саласында 2009 жылдан бері еңбек етіп келеді.

Жаңа полиция пунктінің ашылуы – тұрғындарға құқықтық көмекті жедел көрсетуге, қоғамдық тәртіп пен заңдылықты нығайтуға, сондай-ақ ауыл өмірінің қауіпсіздігін арттыруға бағытталған маңызды қадам. Учаскелік полиция пунктінің ашылу салтанатында облыстық полиция департаментінің қоғамдық қауіпсіздік басқармасының бастығы Ердеулет Баянбайұлы ауыл тыныштығын қамтамасыз етуге бағытталған қадамның маңыздылығын атап өтті.

«Жұртқа жақын полиция» қағидатын қалыптастыру мен Мемлекет басшысы жариялаған «Таза Қазақстан» акциясын жүзеге асыру бағытында атқарылатын жұмыстарға, учаскелік полиция инспекторлары халықпен тығыз қарым-қатынас орнатуға және тұрғындарға дер кезінде көмек қолын созуға, құқық бұзушылықтың алдын алу үшін тез әрекет етуге, құқық бұзушылармен профилактикалық жұмыстар жүргізуге учаскелік полиция пунктінің орасан көмегі болады. Жұмысын бастағалы отырған учаскелік полиция пункті осы елді мекендегі тұрғындардың қауіпсіздігін қамтамасыз етуге қызмет көрсетеді деп сенеміз. Барлық игі бастамаларға сәттілік тілейміз, еліміз амаң жұртымыз тыныш болсын, – деді Е.Жаукеев.

Екі ауылдық округке бірдей қызмет көрсететін жаңа учаскелік полиция пункті алдағы уақытта елдің тыныштығы мен тұрақтылығын сақтаудың сенімді тірегіне айналмақ.

Тарту

«Аманат» партиясы аудандық филиалы мен «Дарын» бастауыш партия ұйымы «Бақытты отбасы» партиялық жобасы аясында көпбалалы және әлеуметтік қолдауды қажет ететін отбасылардың балаларына арналған «Бақытты отбасы – Берекелі болашақ» атты жаңа жылдық мерекелік көш ұйымдастырды. Шараның басты мақсаты – балаларға қуаныш, жаңа жыл қарсаңында оларға ерекше мерекелік көңіл-күй сыйлау, отбасылық құндылықтарды дәріптеу.

Ғажайыпқа толы жаңа жыл

Мерекелік кеште партияның аудандық филиалының атқарушы хатшысы Қаншағұл Шонмұрынқызы мен аудандық білім бөлімінің басшысы, «Дарын» БПҰ төрағасы Тағат Құрақбайұлы балаларды жаңа жыл мерекесімен құттықтап, ізгі тілектерін жеткізді. Сондай-ақ балалардың көтеріңкі көңіл күйі мен қуанышы үшін арнайы дайындалған жаңа жылдық сыйлықтарды табыстады.

– Өздеріңіз асыға күтетін жаңа жыл мерекесі баршаңызға құтты болсын, оқуда озат болыңыздар. Біз тәуелсіз мемлекеттің келешегін сіздердің болашақтарыңызбен байланыстырамыз. Сондықтан осы бастан білімнің маңызын сіздер біліп өсулеріңіз керек. Бәсекеге қабілетті, дарынды азамат болып қалыптасу үшін осы бастан оқуға зейін қойыңыздар. Қазір мемлекет сіздердің сапалы білім алуларыңыз үшін бар жағдайды жасап отыр. Сондықтан біз сіздерге үлкен сенім артамыз. Жаңа жыл құтты болсын, отбастарыңызға амандық, дендеріңізге саулық тілеймін, – деді Қаншағұл Шонмұрынқызы.

Шарада Аяз ата мен Ақшақар мерекенің сенін келтіріп, балалармен бірге ойын ойнап, тақпақ айтқан бүлдіршіндерге тәтті сыйлықтар үлестірді. Балалар жаңа жылдық әндер шырқап, би билеп, өз өнерлерін ортаға салды.

Жиналған ата-аналар мен қонақтар ұйымдастырушыларға алғысын білдіріп, осындай игі шаралардың балалардың рухани дамуына және мерекелік көңіл-күйіне оң әсер ететінін атап өтті.

Ерлан СОЗАҚБАЕВ

«Сыр медиа» ЖШС және Жалағаш аудандық «Жалағаш жаршысы» газетінің ұжымы әріптесіміз, бас редактордың орынбасары Гүлжан Есжанға әжесі Шілдебаева Гүлзада Шілдебайқызының қайтыс болуына байланысты қайғысына ортақтасып, тағпай айтады.



Бәрекелді!

Балалар қуанышқа бөленді

Көпшілік асыға күтетін жаңа жыл мерекесіне де келіп жеттік. Бұл мереке жыл бойы атқарылған барлық шаруаның қорытындысы іспетті. Әр жылды табысты қорытындылайтын қазақ жұрты да әуелден өткен жылға өкпе айтпай, келер жылдан көп үміт күтетін. Биыл да елімізде, аймақта, ауданда қыруар шаруа атқарылды, қаншама жоба жүзеге асты. Бастысы, жергілікті жұрт оның игілігін көріп отыр. Сондықтан жылан жылына өкпеміз жоқ.

«Бұл мерекені әсіресе балалар асыға күтеді» десек, артық айтқанымыз болмас. Қиял ғажайып ертегілерге те-рең бойлап, Аяз атадан сыйлық ал-ған балалардың жүзіндегі қуанышты көргенде ата-ана да еріксіз шат-шадыман көңіл-күйге бөленеді. «Қуанса, бала қуансын!» дейтін қазақпыз. Сондықтан жылына бір келетін айтулы ме-рекені олардың жоғары көңіл-күйде қар-сы алғанын қалаймыз.

Мереке қарсаңында жыл сайын аудан әкімінің балаларға арналған жа-ңа жылдық шыршасы жағылып, оқу-шыларға арналған мерекелік шара ұйымдастырылады. Ігі дәстүр биыл да жалғасын тапты. Мерекелік шараға аудандағы әлеуметтік аз қамтылған және көпбалалы отбасылардан шыққан балалар, ерекше қажеттіліктері бар жеткіншектер, сондай-ақ білім, өнер және спорт салаларында жетістікке жеткен дарынды оқушылар қатысты.

Іс-шара Оқушылар үйінің өнерпаз-дары дайындаған жаңа жылдық қойы-лыммен басталды. Балалар ертегі кейіп-керлері Аяз ата мен Ақшақарды қуана қарсы алып, өз өнерлерін көрсетті. Қа-тысушылар төтті сыйлықтарға ие бо-лып, ертегілер әлемінде жүргендей күйге бөленді. Ертегі кейіпкерлері мен жаңа жылдық көріністер шараның шырайын арттырып, балаларға ерекше есер сый-лады.

Аудан әкімінің орынбасары Ғани Сүлейменов аудан әкімінің атынан бұл-діршілерді жаңа жыл мерекесімен құт-тықтап, оларға арнайы сыйлықтар та-быстайды.

— Жаңа жыл мерекесін сіздердің асыға күтетіндеріңізді жақсы білеміз. Біз



де сіздерге бұл мерекені көтеріңкі көңіл күйде атап өту үшін бүгінгі шараны ұйымдастырып отырмыз. Мемлекеттің келешегі сіздердің болашақтарыңызбен тікелей байланысты. Сондықтан сіздерді оқуда озат болып, ата-ана үмітін ақтайды деп сенім арттамыз. Жаңа жыл мерекесі баршаңызға құтты болсын. Жылдан-жылға еліміз өркендеп, мемле-кетіміздің әр саласында серпін қалып-тассын. Осы жолда бүгін аянбай еңбек етіп жатқан азаматтардың өнегелі өмір жолы – сіздерге үлгі. Болашақта осы ел-дің келешегіне еңбек ететін азамат бо-лыңыздар. Қазір мемлекет балалардың білім алуына барлық жағдайды жасап отыр. Сондықтан сіздердің оқуда озат болғандарыңызды қалаймыз. Өйткені бәсекеге қабілетті ұрпақ әуелі отба-сынаң, мектептен қалыптасады. Білім жолындағы ізденістеріңізге тек табыс тілеймін. Жаңа жыл баршаңызға құтты болсын, – деді аудан әкімінің орынба-сары.

Мерекелік кеш одан әрі ән мен биге уласты. Шараны ұйымдастырушыларға ата-аналар да, оқушылар да алғысын білдіріп, өңірдің өркендеуі жолында ең-бек етіп жатқан азаматтарға сәттілік ті-леді.

— Әр жылды жақсылыққа балаған қазақпыз ғой, биылғы жылан жылына өкпе жоқ. Алдағы жылқы жылынан да үміт көп. Жылдағы дәстүрге айналған аудан әкімінің жаңа жылдық шырша-сы биыл да жоғары деңгейде ұйымдас-тырылды. Сондықтан ата-ана ретін-

де ұйымдастырушыларға алғысымды айтамын. Расында, бізге қарағанда жаңа жылды балалар асыға күтеді. Оларға мейлінше жақсылық жасауға тырысамыз. Бүгін де балалар ерекше қуанышқа бөленді. Олар үшін қазір бәрі қызық қой, бұл шара бір жағынан балалардың ізденісін арттыруға да үлкен ой салады. Жаңа аудан әкімінің орынбасары балаларға ақылын айтты, кеңес берді. Болашақ білімдінің қолында екенін балалар осы бастан түсінуі ке-рек. Мемлекет болашағы да расында бәсекеге қабілетті ұрпақтың қолында. Сондықтан ол кісілерге алғыстан басқа айтарым жоқ. Жаңа жыл баршаңызға құтты болсын. Отбастарыңызға аман-дық, береке, бірлік тілеймін. Ұл-қызда-рымыз, немерелеріміз сенімімізді ақтап, оқуда озат болсын, әр жылда тек та-бысқа жетейік, – деді ата-ана Меруерт Тұрақызы.

Көпшілік асыға күтетін Жаңа жыл мерекесінің тарихы еріде жатыр. Жы-лына бір келетін айтулы мереке біздің заманымызға дейін Месопотамияда пайда болған деседі. Сол тұста адамдар «Мадрук құдайы зұлымдықты жеңді» деген түсінікте болған. Сондықтан халық ізгіліктің жамандықты қоғамнан ысыр-ғанына қуанып, тіпті бірнеше ай бойы тойлаған деген де болжам бар. Мына қызықты қараңыз, сол тұста мереке қарсаңында адамдарға жұмыс істеуге, жазалауға, үкім шығаруға тыйым салған.

Кейін Жаңа жыл мерекесін тойлайтын халықтар қатары артқан. Алдымен мы-

сыр мен грек жұрты дәстүрді жалғаса, кейін римдіктерден бастап, өзге елдерге кеңінен тарала бастады.

Биыл – жылан жылы, 2025 жылы ауданда ауқымды жобалар жүзеге ас-ты. Жалпы қазақ дәстүрінде бұл жыл ақыл-парасаттың, сақтықтың және те-рең ойдың символына балаған. Бұл жылды қазақтар ерекше құрметтеген, өйткені жылан табиғаттың тепе-теңдігін сақтаушы ретінде танылған.

Жылан жылы қазақ халқы үшін тек жыл қайыру жүйесінің бір бөлігі ғана емес, терең мағыналы кезең болып есептеледі. Бұл жыл сабырмен, ақыл-мен әрекет етуге шақырады, қиындық-тардан сабақ алудың және жаңа дең-гейге көтерілудің мүмкіндігі ретінде қарастырылады. Жылан жылы келгенде қазақ халқы үмітпен, сақтықпен және жа-ңа бастамаларға дайындықпен қарсы алған.

Мереке қарсаңында әр жылдың та-рихы жайлы балаларға мәлімет берілді. Сондай-ақ алдағы жылқы жылының, бұл жылда елімізде қандай берекелі жұ-мыстар атқарылғаны айтылды.

Иә, қазақ халқы үшін жылқы – төрт түліктің бірі ғана емес, өмір салтының, мәдениеттің және тарихтың ажырамас бөлігі. Қазақ жылқыны «ер қанаты» деп бағалаған. Жылқы қазақтың дала өрке-ниетін қалыптастырған. Жалпы жылқы жылы елімізде маңызды, тарихи оқиға-лар көп болды.

Белес

Қос шаруашылық жылды қорытындылады



«Таң LTD» ЖШС мен «Манақ Баба» шаруа қожалығы – ауданның ауыл шаруашылығы саласындағы табысын еселеп отырған іргелі шаруашылық құрылым. Әсіресе «Таң LTD» ЖШС төрағасы, Еңбек Ері Имамзада Шағыртаев Таң ауылының көркейіп-көгалдануына, екінші тынысын ашуға аянбай еңбек етті. Осыған дейін бұл ауылда аталған шаруашылықтың демеушілігімен бірнеше жоба жүзеге асты. Ауылдағы ағайын оның игілігін көріп отыр.

Жуырда қос шаруашылық жылды табыспен қорытындылады. Қорытынды шара аясында атқарылған жұмыстар сараланып, алдағы жылға арналған жоспар пысықталды.

Іс-шараға ауыл еңбеккерлері, шаруа қожалықтар жұмыс-шылары, партия мүшелері мен қоғам белсенділері қатысты. Жиында «Апапат» партиясы аудандық филиалының төрағасы Әмірзақ Елеусінов пен филиалдың атқарушы хатшысы Қанша-гүл Мұстафаева ауыл шаруашылығы саласында еңбек етіп жүрген азаматтардың ел экономикасына қосқан елеулі үлесін ерекше атап өтті.

— Мереке қарсаңында қос шаруашылық жылды табысты қорытындылап отыр. Екеуінің де аудан экономикасын кете-руде, ауыл шаруашылығы саласын ширатуда өзіндік орны бар. Жыл сайын күзгі науқанда рекордтық өнім алуларыңызға тілектеспін. Сондай-ақ осы жолда жаздай маңдайы күнге күйіп, тынымсыз еңбек еткен дала дарабоздарының жұмысына да құрметіміз жоғары. Баршаңызға жаңа жыл мерекесі құтты болсын, отбастарыңызға амандық, дендеріңізге саулық тілей-мін. Еңбекте озат болыңыздар, аудандағы, аймақтағы, ел-дегі шаруашылықтардың алды болуларыңызға тілектеспіз. Жыл сайын қырымдарыңыз астыққа толып, табыстарыңыз арта берсін. Қос шаруашылықтың да ауданның, ауылдың өр-кендеуіне қосып жатқан үлесі мол. Жалпы туған жерді түле-туде, адал еңбек етуде сіздерді көпке үлгі деп есептеймін. Жұмыстарыңызға табыс тілеймін, – деді партияның аудандық филиалының төрағасы Әмірзақ Елеусінов.

Шарада партия қатарында белсенділігі танытып, ауылда қоғамдық жұмыстарды атқарып жүрген азаматтарға, сондай-ақ шаруа қожалықтардың қызметкерлеріне «Апапат» партиясы Жалағаш аудандық филиалы атынан алғыс хат табысталды. Бұл – олардың бір жыл ішінде ел игілігі жолында атқарған ең-бектеріне деген құрмет пен ризашылықтың айғағы.

Шара соңы мазмұнды кездесуге ұласып, қатысушылар кө-теріңкі көңіл күймен тарқасты. «Апапат» партиясы ауыл ең-беккерлерін қолдау мен ынтыландыру жұмыстарын алдағы уа-қытта да жалғастыра береді.

Жәрмеңке

Арзан баға, сапалы өнім

Бүгін көшегі аяздың беті қайтқан, қатты жылы да емес, әдетте желтоқсанның аяғында түскен қар тез еріп кететін. Қазір бірнеше күн болды, жердегі ұлпа қар әлі жатыр. Таң азымын жәрмеңкеге асыққан аймақтағы ағайынның көбі Қызылорда қаласындағы Титов қыстағына жиналғандай. Жәрмеңкеге жиылған жұрттың қатары көп. Бәрінің мақсаты ортақ, сапалы әрі арзан өнімді молынан алуды көздейді.

Жалпы жергілікті шаруалар бұл маңда Жалағаш ауданының ауыл шаруашылығы өнімдері жәрмеңкесін ұйымдастыруды дәстүрге айналдыр-ғандай. Елдің де ептеп еті үйренген, әр сенбінің таңында көше бойындағы жұрт бұл маңға көз қиығын салып өтеді. Ал адам қатары көп болса, жәр-меңке деп топшылайды, солай ой-лайды да көбі мұнда аялдап қалады.

Таң азымын арзан өнім алуға асыққандар қатарында Нұргүл Сейіт-қазықызы да бар. Көпбалалы ана бақ-ша өнімдерін молынан алған. Ол бұған дейін Қараөзек ауылында ағайын-дарымен бақша егіпті. Биыл жұмыс-тан босай алмаған соң, бұл тірліктен қол үзген Титов қыстағының тұрғы-ны «нәсібемізге жәрмеңкедегі бақ-ша өнімдерінің бағасы арзан болды» дейді.

— Жалпы жыл сайын жалағаштық шаруалар ұйымдастыратын жәрмең-кеге ерте келемін. Жалғыз мен емес, көршілерім де әр сенбі сайын осы маңға қарайлап отырады. Жылда балық, ет өнімдері мен күріш алатынмын. Биыл бақша өнімдерін саудаладым. Осыған дейін қалаға жақын ауылда ағайын-дарыммен қыстай тұтылатын бақша өнімдерін егіп, жинап алатынбыз. Биыл жұмыстан қол босамады. Жаңа үш қап картоп пен бір қап сәбіз алдым, бағасы қалтаға қонымды. Жаңа асы да сөз жоқ. Жалағаштың күріші кере-мет, жылда тұтынамыз. Таза әрі са-

палы, сондықтан биыл да екі қап кү-ріш алдым. Мұнда өнімнің барлық түрі бар, бағасы да арзан, сондықтан ұйымдастырушыларға алғыстан басқа халық жоқ. Мереке қарсаңында ұйымдастырылғасын ба, бүгін мұнда халық көп. Барлығы мол өнім алып жатыр. Қайта ерте келіп үлгердім, әсі-ресе күріш алып жатқандар көп екен, – дейді қала тұрғыны.

Сұхбат басында 40-50 метрдей қашықта көлігінің артына асқабақ са-лып жатқан азаматты кезіміз шалған. Екеуара диалог аяқталғанымен, өлгі адамның жұмысы әлі тоқтамады. Қа-сына дереу бардық, қала тұрғынының жалағаштықтар ұйымдастырған жәр-меңкеден асқабақты молынан алуды дәстүрге айналдырғанына бірнеше жыл болыпты. Әдеттегідей бұл жолы да көлігі асқабаққа толды.

— Төрт қызым бар, келіншегім де, олар да тұрмыста асқабақты көп ту-тынады. Денсаулыққа пайдалы өнім болғасын онысына қуанамын. Қа-зір мен де ептеп оған үйрене бас-тадым. Жалпы асқабақтың түр-түрі бар, оны тұрақты тұтынушылар ғана айырады. Сары асқабақты кез кел-ген жерден табуға болады. Ал ұзын-дау, сәл қызылп асқабақты көп жерден кездестіре бермейсіз. Көбі-несе жалағаштық шаруалар ұйым-дастыратын жәрмеңкеде бұл өнім болады. Осыдан 2-3 апта бұрын кел-генімде таппадым, тіпті бүкіл ауданның



ұйымдастырған жәрмеңкесін арапап шықтым десем де болады. Жаңа со-ны көріп қалғасын қуанып қалдым, айтсам күлесіз, 33 асқабақ қалыпты, барлығын сатып алдым, – дейді қала тұрғыны Серікбол Қалдыбеков.

Балық қойылған сөре маңы да адамнан көз сүрінеді. Тіпті үлкен жай-ынға таласып қалғандардың ара-сындағы қалжың қақтығысына куә болдық, шамасы екеуі жақын жолдас болуы керек, бірі 10 келіден жоғары жайынды ортасынан қақ бөліп алуға тоқтаса, екіншісі тұтастай сатып алып, қонаққа шақыруға уәде етті. Жас ша-масы қатар соқ азаматтың дауын елуді өңсерген апайдың дауысы бөлді.

— Қарақтарымы-ау, мына манды екеуің ғана бастарыңа көтердіңдер-ау, жайындарыңды алып, жайларыңа жү-ріндерші. Тұқымың жайылғырлар, қоя ма десем, дендеп барасындар ғой, ба-

лам, анау сазаныңнан таразыңа 6 көпі тарта қойшы.

— Кешіріңіз апай, мерекеніз құтты болсын!

Осымен диалог үзілді, расында бар сауданы өлгі екі жігіт бөгеп тұрғандай, ортаның ашылғаны сол еді, өлгі апай ғана емес, ағылған жұрт қарас пен са-занның саудасын кыздырды. Келген жұрт бірінен кейін бірі жарты сағаттың ішінде бір келілік балықтың бәрін алып кетті.

— Жәрмеңкені ойлап тапқан адамға рақмет! Әсіресе бұл игі шара біздің Қызылорда облысында жоғары дең-гейде ұйымдастырылады. Өзім осы маңда тұрамын. Жалпы жақын бол-ғасын емес, мұндағы өнімдердің са-пасы жоғары екеніне бұған дейін көз жеткізгесін келемін. Болмаса сенбі сайын қаланың барлық жерінде жәр-меңке өтеді. Бірақ үнемі осында ке-



лемін. Жалағаштық шаруаларға рақ-мет, «елде болса, ерінге тиеді» деген осы. Аптап ыстықта маңдайы күнге күйіп, алған өнімін арзан бағада өл-мен бөлісу өкінің бірінің қолынан кел-мейді. Мен жәрмеңкеде бірінші сапа-сына, одан кейін бағасына ерекше мән беремін. Өзім де кезінде сауда саласында жұмыс істегенмін, өлі де нарықтағы бағаммен таныспын. Мұн-дағы өнімдер сапалы әрі бағасы қал-таға салмақ салмайды, – дейді қала тұрғыны Жанат Үсейінова.

Жанат Үсейінова – өлгі екі жігіттің диалогын бұзан апай. 15-20 метрдей жерде 3 қап күріш, 1 қап пияз бен 2 қап картоптың қасында нәмересі тұр екен. Ол кісі алдымен қаптап алатын өнімдерді бірінші саудалап, балық, жеміс-жидек дегендерге кейін кезек беруді дәстүрге айналдырған.

Жаңа жыл мерекесі қарсаңында

өткен жәрмеңкеде қала тұрғындарына аудан еңбеккерлері өндірген табиғи, экологиялық таза әрі сапалы өнімдер нысан 15-30 пайыз төмен бағамен ұсынылды. Жәрмеңкеге 140 тоннадан астам ауыл шаруашылығы өнімі жет-кізілді. Атап айтқанда, жоғары сұрыпты күріш, картоп, сәбіз, пияз, қырыққабат, асқабақ, қызылша, қызанақ, бұрыш, алма, жүзім, сондай-ақ ет және балық өнімдері тұрғындар тарапынан жоғары сұранысқа ие болды. Бұл жәрмеңке ауыл еңбеккерлеріне өз өнімдерін тіке-лей тұтынушыға ұсынуға, ал қала тұ-рғындарына сапалы азық-түлікті қол-жетімді бағамен сатып алуға мүмкіндік берді.

Бетті дайындаған

Ерлан СОЗАҚБАЕВ

Газетіміздің келесі саны 2026 жылдың 6 қаңтары, сейсенбі күні шығады

Меншік иесі:

СЫР МЕДИА

жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

Бас директор
Марат АРАЛБАЕВ

Жалағаш аудандық
“Жалағаш жаршысы” газетінің редакциясы

Бас редактор
Кенжетай ҚАЙРАҚБАЕВ

Телефондар:
Бас директор - 8(7242) 70-00-36
Бас редактор - 32-0-41
Бас редактордың орынбасары,
жауапты хатшы,
бөлімдер - 31-5-75

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрілігінің Ақпарат комитетінде 16 сәуір 2019 жылы қайта тіркеліп, №17662-Г куәлігі берілген.
“Жалағаш жаршысы” аудандық газеті КР СТ ISO 9001-2016 (ISO 9001:2015) “Сапа менеджменті жүйелері” талаптарына сәйкес KZ.4310318.07.03.01178 нөмірімен сертифицикатталған.
Газет әр аптаның сейсенбі, сенбі күндері шығады.
Қолжазбалар өңделеді және кері қайтарылмайды.
Жеке авторлардың пікірі редакцияның түпкілікті көзқарасын білдірмейді.
Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп, «ASU» баспа үйі» ЖШС сенімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылды.
Тел.: 8/7242/ 40-06-68.
Газеттің таралымы бойынша 31-5-75 нөмесө 8 (7242) 70-14-08 телефон нөміріне хабарласуға болады.

Таралымы 2763 Тапсырыс №2228